

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

**Қарсыбай ИСАХАНОВ,**  
жиен інісі:

## «СЫРТ КӨЗ КӨРЕГЕН, ӘРІ СЫНШЫ»



Бақытқожа ағамызбен балалық шағымыз бірге өтті. Ағамыз 5-сыныптан бастап Суворов интернатында оқып жүретін. Жексенбі күндері үйге келгенде әскери формасын сұрап киіп, өзімді ең бақытты жан санап қуанатынмын. Сол балалық кез әліге дейін есімде, ағам 120 дана әр түрлі юбилейный значоктарды жинап, оны қастерлеп сақтап жүретін. Оны мен ағамның балалық хоббиі деп білемін. Жетісай қаласында Горкий атындағы орыс мектебін үздік бітірді. Әкесі Рүстемов Төлеген Нұршаұлы Шымкент облысы Жетісай ауданында үшінші партия хатшысы қызметін атқаратын. Бақытқожа жастайынан ұлдан үйдің үлкені болғандығы себепті, іні, қарындастарын тәрбиелеуде әкесімен бірдей ауыртпалығын көтерді.

Қарапайым жұмысшы болып жұмыс істеді, айлығын жинап, іні, қарындастарына киім және оқуға керекті заттарын алып беретін. Ағам енді жұмысқа кіргенде-ақ, айлығына, бізді шахматқа үйренсін деп, үлкен шахмат тақтайын алып келіп, баршамызды қуанышқа бөлеген. Бәрімізге шахмат ойнауды үйретті. Маған және Жақып көкеме шахмат ойнаудың түрлі жолдарын, сонымен қатар Мұзаффарға гитара, Құтпайға домбыра тартуды үйретті. Бәрімізге түрлі қызықты кітаптар және ой-өрісімізді өсіру үшін әлем жаңалықтарын айтып беретін. Жоғарғы мансаптағы адамдармен қалай сөйлесуді және де мағыналы анық сөйлеуді көп үйрететін.

Бақытқожа ағам мен інісі Жақып ағамның арасындағы аға-інілік мейірімділік бірін-бірі сөйлеспей-ақ түсінісуге ұласты. Бақытқожа ағам Астанада тұрған кезде Жақып ағам үйіне сағынышын басуға баратын. Жақып ағам дүниеден озғанша Бақытқожа ағамның көңілін тауып сыйласып өтті. Әке-шешеге, ағаға қызмет қылуда әрбір қазақтың баласы Жақып ағамдай болса деймін, шіркін. Бақытқожа ағам қатал көрінгенімен, жаны жайсаң, өзгенің несібесіне көз салмайтын, біреудің ала жібін аттамайтын адам. Көп жылдан бері журналистер одағының мүшесі. Ағам 20-дан астам кітаптың авторы екенін кейбір жақын туыстары да білмейді... Тіпті, қандай қиын тақырыпта қалам тербеп жүргендігінен де бей-

хабар. Кітаптары үш тілде жарық көрген. Қазақ топырағында Бақыт Рүстемов сынды жазушының бар екенін жар салып мақтанышпен айта аламын.

Бақытқожа ағамыз да қаржы тапшылығына байланысты тағы да жарық көре алмай тұрған елімізге маңызды, халқымызға қажет қолжазбалары жетерлік. Ағамыз туралы айтылар әңгіме мен шертілер сыр да шек жоқ. Ол кісі мектеп жасынан еңбекке араласты. Себебі, он балалы жанұяда тұңғыш ұлға үлкен салмақ түсетін белгілі. Олар ата-анасына ерте бастан көмекші болып, кейінгі іні-қарындастарының аяққа тіктеп тұрып кетуіне зор үлес қосады. Алдыңғы буынға еліктеп, кейінгілер де еңбекпен өседі. Түсінген адамға әпкелер мен ағалар екінші ата-ана ретінде жүреді. Қазақта: «Алдыңғы арбаның дөңгелегі қалай жүрсе, артқысы да сол ізбен кетеді» – деген сөз бар ғой. Алдыңғыларға қарап кейінгілер бой түзейді. Бақыт ағамыз тек Рүстемовтардың емес, Исахановтардың да жанұясының мақтанышы бола білді. Бүгінде ол тек екі әулеттің емес, тұтас жүздеген жанұялардың, Қылауыз ата (Жақып Әбу Лаис) ұрпақтарының мақтанышы. Ресейліктердің шешімімен академик атағына лайықты болған азамат. Мені де бала кезімнен білімге және еңбекке баулыған осы ағам. Жас кезімізден бұл кісінің сөзін екі еткен емеспіз.

Ағайынға жәрдем беруден ешбір жалыққан емес. Жылағанның көз жасын сүртіп, ауырғанның арқасынан қағып, дәрігерлерге қаратып бәйек болатын. Бұл кісінің бауырмалдығындай бауырмалдықты мен өмірімде басқа ешкімнен көрген емеспін. Мысалға, кейбір жағдайларда жақын туыстардың өзінен мұндай қамқорлықты көру екіталай. Бүгінде маңайында тек туыс бауырлар емес, басқа да таныстар арқа сүйеп жүр. Азамат сөздің емес, істің өнегесі болып келеді. Ол ешкімді де бөліп жарған емес. Рушылдық пен ұлтқа бөлу дегенге жаны қарсы азамат. Туыстар арасында шынайы сүйіспеншілік пен абыройға жеткен осы ағамыз.

Әрине, басқа да бауырларымыздың әрқайсысыныңда орны бөлек. Бірақ, Бақыт ағамыздың жөні басқа. Бұл өмірдің шындығы. Менің алпысты алқымдаған кезімдегі өмірден көрген, басымнан өткізген жағдайлардың шынайы қорытындысы.

Бүгінгі туыстардың ішінде ол ағамызды менен артық білетін, тек анасы Жәмила апамыз. Құдай деген адамды – Құдай қолдайды екен. Өмір болған соң айналамызда жақсы да, жаман да, көреалмаушылық деген де болады. Кезінде сыртынан езу тартып күлгендердің мысы өмір көрсеткендей басылды. Қадіріне жетпегендер бүгінде көзіне тіке қарай алмай, ал бәзбіреулері көрінуге батылы жетпей қашқақтап жүр. Ағамыз өмірдің биігінен көріне білді. Ешқандай «көкесіз», қызметтің биік-биік сатыларына жетті де, шықты да. Елбасымыздың жанында абыроймен жеті жыл еңбек етті. Елу бес жасында қызметсіз қалды. Жұмыссыз қалып, бес баланы асырап оқыту бүгінде ауырдың ауыры.

Үлкен мекемедегі қызметтен соң бала-шағаны бағу оңайға түскен жоқ. «Менің ешкімге өкпем жоқ! Бұл менің тағдырым!» – дейді сонда батыр да батыл, әділдігімен, әділеттілігімен халқымызға, дүние жүзіне танылған ағамыз. Қазақтың нағыз адал да әділетті ұлы деп осы ағамыз сияқтыларды алдымызға тартуға болады. Көптеген жылдар бойына мемлекеттік қызметте жүріп, елінің қазынасына, халқының несібесіне қол сұқпаған азамат. Осындай өнегелі өмірі тек жастарға емес, мен сияқты 60-қа тақап қалғандарға да үлгі. Бүгінде жұмыссыз жүрсе де, қараңғыда жарқырап жанған шамшырақтай айналасына бағыт-бағдар беріп келеді (Ол туралы Интернетте жазылып жатқан пікірлерге назар аударыңыз). Оның жазған тақырыптары ешкім бара қоймаған тақырыптар.

Ғаламтордағы хаттарды оқып қарасаңыз Бақыт Рүстемовтің қабілеті министр немесе бір облысты басқаруға жетеді деп жатқандар да бар. Тіпті, Нобель сыйлығына да лайықты дегенді кездестіресіз. Иә, дүниежүзілік сыйлықтарға ұсынылатын реті бар. Бірақ, оны қолдайтындар бар да, қолға алатындар жоқ. «Әттең тонның келтесі-ай!», жағдайым келсе барымды аямас едім, нар мінезді ағамнан. Бүгінде еліміз бен халқымыздың абыройын көтеріп, дүниежүзіне паш етіп жүрген азаматтарымыздың бірі. Қазақстандағы шетел Елшілері сөзіміздің

куәсі. Жалпы қазақ былай тұрсын, түркі тілдес бауырларымыз да оны мақтаныш тұтып жүргенін білемін. Мысалы, патшаларды патшалардың қабылдауы заңдылық. Ал, қарапайым азаматты бөтен ел патшасының төріне шығаруы бұл екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Бөтен елдің басшысы былай тұрсын, өз елінің патшасының қабылдауына ие болу да оңай шаруа емес қой.

Ағамыздың тереңдігінің, талғампаздығының, көрегенділігінің, бауырмал әрі зерделі қамқорлығының арқасында көптеген жанұялар әлауқатты болып отыр. Ұзын арқанды тарқата бастасаң, басы Бақыт ағамызға барып тіреледі. Бастап берген ісін алып кеткендер де бар. Ебінен шыға алмай, ағайынға шапағаты тимей, тоз-тоз болып есеңгіреп жүргендер де жоқ емес. «Бөлінгенді бөрі жейді!» – деген ғой халқымыз. Өкінішке қарай, бүгінгі өмірдің сорақы сықы бақпен дәулетті көтере алмағандарды адастырып, үлкенді сыйлау сияқты ата-салт дәстүрлерімізден алшақтатты. Бақыт ағамыздың аса білгір экономист ретінде жеке әулеттің даму бағытындағы бес жылдық, он жылдық емес, 20-30 жылдан асатын ойлары іске асты. Оның байсалды «Жобасының» жемісі ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетіп бара жатқаны өкінішті. Осы бәрімізден бірегей болып дүниеге келген екі әулеттің, тіпті басқалардың да мақтанышы болуға тұратын ағамыздың көңілінен толыққанды шығып отырмыз ба деген ой мені мазалайды. Ғаламтор желісіне кірсеңіз тек қазақ былай тұрсын, бүкіл дүние жүзі азаматтарының ағамызға деген тамаша лебіздері мен арнауларын көруіңізге болады. Шынайы шындықты реті келгенде айтқан да дұрыс шығар. Менің бұл пікірім адамдардың бұл өмірге не үшін келіп, келген соң не тындыратынын, айналасын нала қылмай, қалай жақсылық сыйлай алатынын білсе дегеннен туындаған болатын. Міне, осы сұрақтарға ағамыз өзінің адал да әділетті өмірімен жауап қатып, жастарымызға үлгі болғандай.

29.03.2014 жыл  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ



(Солдан оңға қарай) Құттықожа, Бақытқожа, Махмуд ака, Тайыр, Жақыпқожа. Астанадан келген қонақ Көлік және коммуникациялар министрінің кеңесшісі Бақытқожа Рүстемовті қарсы алған сәті. Шымкент. 1998 жыл.